

"Атырау облысы Ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасы" мемлекеттік мекемесі туралы ережені бекіту туралы

Атырау облысы әкімдігінің 2023 жылғы 31 қазандағы № 212 қаулысы

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 27, 37-баптарына, "Мемлекеттік мүлік туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 17-бабына сәйкес Атырау облысы әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Осы қаулының 1-қосымшасына сәйкес "Атырау облысы Ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасы" мемлекеттік мекемесі туралы ереже бекітілсін.

2. Атырау облыстық әкімиятының 2008 жылы 14 сәуірдегі № 103 "Атырау облысы Жер қатынастары басқармасының мәселелері" қаулысына келесі өзгеріс енгізілсін:

2-тармақ алынып тасталсын.

3. Атырау облысы әкімдігінің 2021 жылғы 13 қыркүйектегі № 209 "Кейбір мемлекеттік мекемелерді қайта ұйымдастыру туралы" қаулысына келесі өзгерістер енгізілсін:

2 және 6-тармақтар алынып тасталсын.

4. Осы қаулының 2-қосымшасына сәйкес Атырау облысы әкімдігінің кейбір қаулыларының күші жойылды деп танылсын.

5. "Атырау облысы Ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасы" мемлекеттік мекемесі осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Атырау облысы әкімінің жетешілік ететін орынбасарына жүктелсін.

7. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және ол алғашқы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі

С. Шәпкенов

Атырау облысы
әкімдігінің 2023 жылғы
"31" қазандағы № 212
қаулысына 1-қосымша

Атырау облысы
әкімдігінің 2023 жылғы
"31" қазандағы № 212
қаулысымен бекітілген

"Атырау облысы Ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасы" мемлекеттік мекемесі туралы ереже

1. Жалпы ережелер

1. Атырау облысы Ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасы (бұдан әрі - Басқарма) ауыл шаруашылығы, ветеринария, жер қатынастары және балық шаруашылығы салаларындағы мемлекеттік орган болып табылады.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Атырау облысы әкімдігінің 14.07.2025 № 148 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

2. Басқарма өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасы Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

3. Басқарма мемлекеттік мекеме ұйымдық - құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, оның рәміздері мен айырым белгілері (бар болса), Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген мөрлері және атауы қазақ және орыс тілдерінде жазылған мөртабандары, белгіленген үлгідегі бланкілері, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары бар.

4. Басқарма азаматтық-құқықтық қатынастарды өз атынан жасайды.

5. Басқарма Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес уәкілеттік берілген жағдайда, ол мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқылы.

6. Басқарма өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен Басқарма басшысының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

7. Басқарманың құрылымы мен штат санының лимиті Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бекітіледі.

8. Басқарманың орналасқан жері: 060010, Атырау облысы, Атырау қаласы, Әйтеке би көшесі, 77 үй.

9. Осы ереже Басқарманың құрылтай құжаты болып табылады.

10. Басқарманың қызметін қаржыландыру Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес республикалық және жергілікті бюджеттерден, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) жүзеге асырылады.

11. Басқармаға кәсіпкерлік субъектілерімен өкілеттіктері болып табылатын міндеттерді Басқарманың орындау тұрғысынан шарттық қарым-қатынас жасауға тыйым салынады.

Егер Басқармаға заңнамалық актілермен кіріс әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда алынған кіріс, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше белгіленбесе, мемлекеттік бюджетке жіберіледі.

2. Басқарманың мақсаттары мен өкілеттіктері

12. Мақсаттары:

1) мемлекеттің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету;

2) агроөнеркәсіптік кешенді тұрақты экономикалық және әлеуметтік дамытуды қамтамасыз ету;

3) бәсекеге қабілетті ауыл шаруашылығы өнімін және оның қайта өңдеу өнімдерін өндірудің экономикалық жағдайларын жасау;

4) органикалық өнім өндіруді дамытуды қамтамасыз ету;

5) жануарларды аурулардан қорғау және оларды емдеу;

6) халықтың денсаулығын жануарлар мен адамға ортақ аурулардан қорғау;

7) ветеринариялық-санитариялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету;

8) тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік аумағын басқа мемлекеттерден жануарларының жұқпалы және экзотикалық ауруларының әкелінуі мен таралуынан қорғау;

9) жерді ұтымды пайдалану мен қорғау қамтамасыз ету мақсатында жер қатынастарын реттеу;

10) балық аулайтын және оны қайта өңдейтін ұйымдарға өндірістік базаны дамыту, жаңа технологияларды енгізу жөнінде мемлекеттік қолдау көрсету;

11) басқармаға жүктелген өкілеттік шеңберінде балық ресурстарын қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру.

Ескерту. 12-тармаққа өзгерістер енгізілді – Атырау облысы әкімдігінің 14.07.2025 № 148 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі)

13. Өкілеттіктері:

1) құқықтары:

Басқарма өзіне жүктелген міндеттерді және функцияларды жүзеге асыру барысында белгіленген тәртіппен:

өз құзыреті шегінде орындалуға міндетті құқықтық актілер қабылдауға;

тиісті ұйымдардан, мемлекеттік органдардан, кәсіпорындардан және басқалардан ақпараттар мен құжаттарды сұратуға және алуға;

қолданыстағы заңнамалық актілерде және осы Ереженің функцияларында көзделген басқа да құқықтарды жүзеге асыруға құқығы бар;

2) міндеттері:

Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңнамасын сақтау;

Басқармаға жүктелген функциялардың жүзеге асырылуын қамтамасыз ету;

Басқармаға келіп түскен шағымдар мен өтініштерді қарау;

Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған өзге де міндеттер.

14. Функциялары:

1) агроөнеркәсіптік кешенді дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру;

2) ауыл шаруашылығы дақылдары егіс алаңдарының құрылымын әртараптандыру мәселесі бойынша келісім (меморандум) жасасу;

3) климаттың өзгеруіне осалдықты бағалауды өз құзыреті шегінде жүргізу;

- 4) климаттың өзгеруіне бейімделу жөніндегі басымдықтар мен шараларды өз құзыреті шегінде айқындау;
- 5) климаттың өзгеруіне бейімделу жөніндегі шараларды өз құзыреті шегінде жүзеге асыру;
- 6) өз құзыреті шегінде айқындалған, климаттың өзгеруіне бейімделу жөніндегі шаралардың тиімділігіне мониторинг пен бағалауды жүзеге асыру және мониторинг пен бағалау нәтижелері негізінде осы шараларды түзету;
- 7) Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі № 66 "Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Заңына және осы саладағы басқа да нормативтік құқықтық актілерге сәйкес агроөнеркәсіптік кешен субъектілерін мемлекеттік қолдау жөнінде ұсыныстар әзірлейді;
- 8) агроөнеркәсіптік кешенді дамыту саласындағы мемлекеттік техникалық инспекцияны жүзеге асыру;
- 9) агроөнеркәсіптік кешен салаларын мамандармен қамтамасыз ету бойынша шараларды жүзеге асыру, агроөнеркәсіптік кешен кадрларын даярлау, қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру;
- 10) "Агроөнеркәсіп кешеніндегі үздік кәсіп иесі" конкурсын өткізу;
- 11) әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаларды тұрақтандыру тетіктерін іске асыру;
- 12) азық-түлік тауарларын сатып алу бағдарламаларына қатысушыларды анықтау жөніндегі комиссиялардың жұмысын ұйымдастыру;
- 13) өңірдің агроөнеркәсіптік кешен саласында инновациялық тәжірибені тарату және енгізу жөніндегі іс-шараларды әзірлеу және іске асыру;
- 14) өңірдің агроөнеркәсіптік кешен саласында инновациялық жобаларды іріктеуді ұйымдастыру қағидаларын бекітуді ұйымдастыру;
- 15) ауыл шаруашылығы жануарларын қолдан ұрықтандыратын, мал шаруашылығы өнімі мен шикізатын дайындайтын мемлекеттік пункттерді, сою алаңдарын (ауыл шаруашылығы жануарларын сою алаңдарын), пестицидтерді, улы химикаттарды және олардың ыдыстарын арнайы сақтау орындарын (көмінділерді) салуды, күтіп-ұстауды және реконструкциялауды қамтамасыз ету;
- 16) жоғары сыныпты асыл тұқымды малды сатып алуды, ұстауды және кең ауқымда өз төлі есебінен өсіру үшін мал басын молықтыратын төл өсіруді ұйымдастыру;
- 17) отандық ауыл шаруашылығы тауарларын өндіруші өткізген бірінші, екінші және үшінші репродукциялы тұқымдардың құнын арзандатуды қамтамасыз ету;
- 18) агроөнеркәсіптік кешенді дамыту саласындағы уәкілетті орган айқындайтын тізбе мен тәртіпке сәйкес зиянды организмдерге қарсы күрес жөнінде іс-шаралар жүргізуді қамтамасыз ету;
- 19) тиісті өңірде азық-түлік тауарлары қорларын есепке алуды жүргізу және агроөнеркәсіптік кешенді дамыту саласындағы уәкілетті органға есептілік ұсыну;

20) агроөнеркәсіптік кешен субъектілерінің қарыздарын кепілдендіру кезіндегі комиссияның бір бөлігінің және қарыздарын сақтандыру кезіндегі сақтандыру сыйақыларының бір бөлігінің орнын толтыру;

21) агроөнеркәсіптік кешен субъектісі инвестициялық салынымдар кезінде жұмсаған шығыстардың бір бөлігінің орнын толтыру;

22) кепілдендірілген сатып алу бағасы және сатып алу бағасы белгіленетін, сатып алынатын ауылшаруашылық өнімі субсидияларының нормативін бекітуді ұйымдастыру;

23) қайта өңдеуші кәсіпорындардың ауылшаруашылық өнімін тереңдете қайта өңдеп өнім шығаруы үшін оны сатып алу шығындарын субсидиялау;

24) ауыл шаруашылығы кооперативтерінің тексеру одақтарының ауыл шаруашылығы кооперативтерінің ішкі аудитін жүргізуге арналған шығындарын субсидиялау;

25) тыңайтқыштардың (органикалық тыңайтқыштарды қоспағанда) құнын субсидиялауды жүзеге асыру;

26) басым дақылдардың, оның ішінде көпжылдық екпелердің өндірісін субсидиялауды жүзеге асыру;

27) саны зиян тигізудің экономикалық шегінен жоғары зиянды және аса қауіпті зиянды организмдерге және карантинді объектілерге қарсы өңдеу жүргізуге арналған пестицидтердің, биоагенттердің (энтомофагтардың) құнын субсидиялауды жүзеге асыру;

28) тиісті жергілікті өкілді органның бекітуіне ауыл шаруашылығы жануарларын жаюдың үлгілік қағидалары негізінде әзірленген ауыл шаруашылығы жануарларын жаю қағидаларын ұсыну;

29) ауыл шаруашылығы жануарларын сәйкестендіру жөніндегі іс-шаралар жүргізуді, мал қорымдарын (биотермиялық шұңқырларды) салуды, күтіп-ұстау мен реконструкциялауды ұйымдастыру;

30) мыналар:

агроөнеркәсіптік кешен салаларына инвестициялар мен екінші деңгейдегі банктердің кредиттерін тарту;

бәсекеге қабілетті өндірістерді қалыптастыру және дамыту, оларды жаңғырту және сапа менеджментінің халықаралық жүйесіне көшіру үшін жағдай жасау;

мамандандырылған мал шаруашылығы қожалықтарының өсуі үшін жағдай жасау бойынша іс-шаралар әзірлеу;

31) агроөнеркәсіптік кешеннің ақпараттық-маркетингтік жүйесінің жұмыс істеуі мен дамуы үшін жағдай жасау;

32) агроөнеркәсіптік кешеннің жай-күйі мен дамуы туралы ақпаратты агроөнеркәсіптік кешенді дамыту мәселелері жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органдарға беру;

- 33) әкімшілік-аумақтық бірліктің азық-түлікпен қамтамасыз етілу теңгерімін жасау;
- 34) әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына шекті бағаларды белгілеу жөніндегі шараларды қоспағанда, әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаларды тұрақтандыру тетіктерін іске асыру үшін мамандандырылған ұйымдардан көрсетілетін қызметтерді сатып алуды жүзеге асыру;
- 35) әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаларды тұрақтандыру тетіктерін іске асыру жөніндегі комиссияны құру және оның жұмысын ұйымдастыру;
- 36) әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаларды тұрақтандыру тетіктерін іске асыру қағидаларын әзірлеу және бекіту бойынша шара қабылдау;
- 37) әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаларды тұрақтандыру тетіктерін іске асыру үшін сатып алынатын азық-түлік тауарларының шекті сауда үстемесін және тізбесін бекіту;
- 38) агроөнеркәсіптік кешен субъектілеріне кредит беру, сондай-ақ ауыл шаруашылығы жануарларын, техникасы мен технологиялық жабдығын сатып алуға лизинг кезінде сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялауды жүзеге асыру;
- 39) агроөнеркәсіптік кешен субъектілерін қаржылық сауықтыру жөніндегі бағыт шеңберінде кредиттік және лизингтік міндеттемелер бойынша сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялауды жүзеге асыру;
- 40) ішкі нарыққа реттеушілік әсер ету үшін азық-түлік астығын өткізу кезінде агроөнеркәсіптік кешен саласындағы ұлттық компанияның шеккен шығыстарын өтеуді субсидиялауды жүзеге асыру;
- 41) денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті мемлекеттік органмен бірлесе отырып, халық денсаулығын жануарлар мен адамға ортақ аурулардан қорғауды ұйымдастыру және өзара ақпарат алмасуды жүзеге асыру;
- 42) ветеринария саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру;
- 43) осы облыс аумағында орналасқан екі және одан көп ауданда жануарлардың жұқпалы аурулары пайда болған жағдайда, тиісті аумақтың бас мемлекеттік ветеринариялық-санитарлық инспекторының ұсынуы бойынша карантинді немесе шектеу іс-шараларын белгілеу туралы облыстың жергілікті атқарушы органы шешімінің жобасын әзірлеу;
- 44) осы облыстың аумағында орналасқан екі және одан көп ауданда пайда болған жануарлардың жұқпалы ауруларының ошақтарын жою жөнінде ветеринариялық іс-шаралар кешені жүргізілгеннен кейін тиісті аумақтың бас мемлекеттік ветеринариялық-санитарлық инспекторының ұсынуы бойынша шектеу іс-шараларын немесе карантинді алып тастау туралы облыстың жергілікті атқарушы органдары шешімінің жобасын әзірлеу;
- 45) Қазақстан Республикасының рұқсаттар және хабарламалар туралы заңнамасына сәйкес жануарлардан алынатын өнім мен шикізатқа ветеринариялық-санитариялық сараптаманы лицензиялау;

46) "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жеке және заңды тұлғалардан ветеринария саласындағы кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырудың басталғаны немесе тоқтатылғаны туралы хабарламалар қабылдау, сондай-ақ рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік электрондық тізілімін жүргізу;

47) мал қорымдарын (биотермиялық шұңқырларды) салуды, реконструкциялауды ұйымдастыру және оларды күтіп-ұстауды қамтамасыз ету;

48) облыстың жергілікті өкілді органына бекіту үшін жануарларды асырау қағидаларын, үй жануарларын ұстау және серуендету қағидаларын, жануарларды аулау, уақытша ұстау және жансыздандыру қағидаларын, жануарларды асыраудың санитариялық аймақтарының шекараларын белгілеу жөнінде ұсыныстар енгізу;

49) мүдделі тұлғаларға жүргізіліп жатқан ветеринариялық іс-шаралар туралы ақпарат беруді ұйымдастыру және қамтамасыз ету;

50) жануарлар өсіруді, жануарларды, жануарлардан алынатын өнім мен шикізатты дайындауды (союды), сақтауды, қайта өңдеуді және өткізуді жүзеге асыратын өндіріс объектілерін, сондай-ақ ветеринариялық препараттарды, жемшөпті және жемшөп қоспаларын өндіру, сақтау және өткізу жөніндегі ұйымдарды пайдалануға қабылдау жөніндегі мемлекеттік комиссияларды ұйымдастыру;

51) жануарлардың саулығы мен адамның денсаулығына қауіп төндіретін жануарларды, жануарлардан алынатын өнім мен шикізатты алып қоймай залалсыздандыру (зарарсыздандыру) және қайта өңдеу;

52) жануарлардың саулығы мен адамның денсаулығына қауіп төндіретін, алып қоймай залалсыздандырылған (зарарсыздандырылған) және қайта өңделген жануарлардың, жануарлардан алынатын өнім мен шикізаттың құнын иелеріне өтеу;

53) ауру жануарларды санитариялық союды ұйымдастыру;

54) жануарларды аулауды, уақытша ұстауды және жансыздандыруды ұйымдастыру;

55) уәкілетті орган белгілеген тәртіппен аумақты аймақтарға бөлу туралы облыстың жергілікті атқарушы органының шешімін әзірлеу;

56) уәкілетті органмен келісім бойынша тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында ветеринариялық-санитарлық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі ветеринариялық іс-шаралар жоспарын бекіту;

57) тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында ветеринариялық-санитарлық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі ветеринариялық іс-шаралар ұйымдастыруды және жүргізуді үйлестіру;

58) ветеринариялық препараттардың республикалық қорын қоспағанда, жануарлардың аса қауіпті ауруларының профилактикасына арналған ветеринариялық препараттарды сақтауды, тасымалдауды (жеткізуді) ұйымдастыру;

59) ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді жүргізуге арналған бұйымдарды (құралдарды) және атрибуттарды тасымалдау (жеткізу), бойынша көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру;

60) ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді жүргізуге арналған бұйымдарға (құралдарға) және атрибуттарға қажеттілікті айқындау және процессингтік орталыққа ақпарат беру;

61) ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру жөніндегі дерекқордың жүргізілуін ұйымдастыру;

62) эпизоотия ошақтары пайда болған жағдайда оларды зерттеп-қарауды жүргізу;

63) эпизоотологиялық зерттеп-қарау актісін беру;

64) ветеринариялық есепке алу мен есептілікті жинақтау, талдау және оларды уәкілетті органға ұсыну;

65) жануарлардың энзоотиялық ауруларының профилактикасы мен диагностикасына арналған ветеринариялық препараттарды, олардың профилактикасы мен диагностикасы жөніндегі қызметтерді мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру, ветеринариялық препараттарды сақтауды және тасымалдауды (жеткізуді), жануарлардың энзоотиялық ауруларының профилактикасы мен диагностикасы бойынша ветеринариялық іс-шаралар жүргізуді ұйымдастыру;

66) уәкілетті орган бекіткен тізбе бойынша жануарлардың аса қауіпті ауруларының, сондай-ақ жануарлардың энзоотиялық және басқа да ауруларының профилактикасы, биологиялық материал сынамаларын алу және оларды диагностикалау үшін жеткізу бойынша ветеринариялық іс-шаралардың орындалуын қамтамасыз ету;

67) ветеринария мәселелері бойынша халықтың арасында ағарту жұмыстарын ұйымдастыру және жүргізу;

68) ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру жөніндегі іс-шаралар жүргізуді ұйымдастыру;

69) жануарлар өсіруді, жануарларды, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатты дайындауды (союды), сақтауды, қайта өңдеуді және өткізуді жүзеге асыратын өндіріс объектілерін, сондай-ақ ветеринариялық препараттарды, жемшөп пен жемшөп қоспаларын өндіру, сақтау және өткізу жөніндегі ұйымдарды пайдалануға қабылдайтын мемлекеттік комиссияларға қатысу;

70) профилактикасы мен диагностикасы бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылатын жануарлардың энзоотиялық ауруларының тізбесін бекітуді ұйымдастыру;

71) мал қорымдарының (биотермиялық шұңқырлардың) тізіліміне енгізу үшін мал қорымдары (биотермиялық шұңқырлар) туралы деректерді (мәліметтерді) жинауды ұйымдастыру және жинақтау;

72) Жер кодексінің 14-1-бабына сәйкес облыстың жергілікті атқарушы органының жер қойнауын пайдалану мақсаттары (өндіру жөніндегі; бірлескен барлау және өндіру жөніндегі; барлаумен және (немесе) өндірумен байланысты емес жерасты құрылыстарын салу және (немесе) пайдалану жөніндегі жұмыстарды жүргізу үшін), магистральдық құбыржолдарды, мұнай және газ өңдеу объектілерін, жаңартылатын энергия көздерін пайдалану жөніндегі объектілерді салу (реконструкциялау) үшін,

өнеркәсіптік-инновациялық қызмет субъектілерінің өнеркәсіптік-инновациялық жобалары, инвестициялық басым жобаларды Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес іске асыру, жергілікті маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды құру және кеңейту үшін жер учаскелерін беру жөніндегі ұсыныстарын және шешімдерінің жобаларын дайындау;

73) жер қатынастарын реттеу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру;

74) облыстың жергілікті атқарушы органының мемлекеттік ғылыми-зерттеу ұйымдары мен олардың тәжірибе шаруашылықтарына, сондай-ақ мемлекеттік тұқым өсіру шаруашылықтары мен асыл тұқымды мал зауыттарына жер учаскелерін беру жөніндегі ұсыныстары мен шешімдерінің жобаларын дайындау;

75) аумақтық сулар алып жатқан жер учаскелерін жасанды ғимараттар салу үшін беру жөніндегі облыстың жергілікті атқарушы органының ұсыныстарын және шешімдерінің жобаларын дайындау;

76) облыстың жергілікті атқарушы органының қорғаныс және ұлттық қауіпсіздік мұқтажы үшін жер учаскелерін беру және алып қою жөніндегі ұсыныстарын және шешімдерінің жобаларын дайындау;

77) жерді резервте қалдыру жөніндегі ұсыныстарды дайындау;

78) өз құзыреті шегінде жер учаскелерінің бөлінетіндігі мен бөлінбейтіндігін айқындау;

79) жерге орналастыруды жүргізуді ұйымдастыру және жер учаскелерін қалыптастыру жөніндегі жерге орналастыру жобаларын бекіту;

80) жерді аймақтарға бөлу жобаларын, облыс жерін ұтымды пайдалану жөніндегі бағдарламаларын, жобалары мен схемаларын әзірлеуді ұйымдастыру;

81) өз құзыреті шегінде жер сауда-саттығын (конкурстар, аукциондар) жүргізуді ұйымдастыру;

82) жерді пайдалану мен қорғау мәселелерін қозғайтын, облыстық, қалалық, аудандық маңызы бар жобалар мен схемаларға сараптама жүргізу;

83) өз құзыреті шегінде жер учаскесін сатып алу-сату шарттары мен жалдау және жерді уақытша өтеусіз пайдалану шарттарын жасасу және жасалған шарттар талаптарының орындалуын бақылауды жүзеге асыру;

84) аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың деректері негізінде облыстың жер балансын жасау;

85) Қазақстан Республикасының Жер кодексінің 71-бабына сәйкес облыстың жергілікті атқарушы органының іздестіру жұмыстарын жүргізу үшін жер учаскелерін пайдалануға рұқсат беруі жөнінде ұсыныстар дайындау;

86) ауыл шаруашылығы алқаптарын бір түрден екіншісіне ауыстыру жөнінде ұсыныстар дайындау;

87) аудандық маңызы бар қалалар маңындағы аймақтардың шекараларын облыстың жергілікті өкілді органына бекітуге табыс ету бойынша ұсыныс дайындау;

- 88) жер комиссиясының құрамын қалыптастыру, комиссия туралы ережені әзірлеу және тиісті жергілікті өкілді органға бекітуге жіберу бойынша ұсыныс дайындау;
- 89) бір ауданның, облыстық маңызы бар қаланың аумағындағы жерді басқа ауданға, облыстық маңызы бар басқа қалаға ұзақ мерзімді пайдалануға беру бөлігінде жер қатынастарын реттеу бойынша ұсыныс дайындау;
- 90) Қазақстан Республикасының Жер кодексінің 69-бабына сәйкес қауымдық сервитуттар белгілеу бойынша ұсыныс дайындау;
- 91) ауданаралық маңызы бар уақытша пайдаланылатын мал айдау жолдарына жер учаскелерін беру туралы ұсыныс дайындау;
- 92) жайылымдық инфрақұрылым объектілерін дамыту және реконструкциялау жөніндегі жоспарларды әзірлеуді және бекітуді ұйымдастыру;
- 93) агломерацияға кіретін елді мекендердің аумағындағы жер учаскелерін астананың, республикалық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары қаржыландыратын әлеуметтік, көліктік және инженерлік инфрақұрылым объектілерін салу үшін резервте қалдыру бойынша жұмысты ұйымдастыру;
- 94) осы Жер кодексінің 13-бабының 3) тармақшасында көзделген жағдайларды қоспағанда, жергілікті маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды құру мен кеңейтуге байланысты жағдайларда жердің барлық санаттарынан жер учаскелерін беру және алып қою, соның ішінде мемлекет мұқтажы үшін алып қою бойынша ұсыныс дайындау;
- 95) агроөнеркәсіптік кешенді дамыту саласындағы уәкілетті органға:
жайылымдарды ұтымды пайдалану;
жайылымдардың тозуымен және шөлейттенуімен күрес жөніндегі іс-шараларды жүргізу;
жайылымдардың оты-суының молдығы;
жайылымдық инфрақұрылым объектілерінің жай-күйі туралы жартыжылдық және жылдық есептерді ұсыну бойынша жұмыстарды ұйымдастыру;
- 96) Жер кодексінің 120-бабы 1-тармағының екінші бөлігінде аталған мемлекеттік органдарға қорғаныс және ұлттық қауіпсіздік мұқтажы үшін жер учаскелерін беру және алып қою мәселелері жөніндегі материалдарды келісуге ұсынуды жүзеге асыру;
- 97) жер ресурстарын пайдалану мен қорғау бөлігінде аудандық, қалалық (облыстық маңызы бар) атқарушы органдардың қызметін үйлестіруді және оған басшылық жасауды жүзеге асыру;
- 98) жер, ауыл шаруашылығы және ветеринария мәселелері бойынша жолданымдарды, хабарларды, үн қосуларды, ұсыныстарды, сұрау салуларды, төмен тұрған әкімдіктерге қатысты шағымдарды қарау;
- 99) жер-кадастрлық жоспарды бекіту;
- 99-1) жергілікті маңызы бар балық шаруашылығы су айдындарының тізбесін жасақтап, бекітуге ұсынады;

99-2) балық шаруашылығы су айдындарын және (немесе) олардың учаскелерін кәсіпшілік балық аулауды, әуесқойлық (спорттық) балық аулауды, көлде тауарлы балық өсіру шаруашылығын, тор қоршамада балық өсіру шаруашылығын жүргізуге арналған су айдындарына және (немесе) учаскелерге жатқызу өлшемшарттарына сәйкес кәсіпшілік балық аулауды, әуесқойлық (спорттық) балық аулауды, көлде тауарлы балық өсіру шаруашылығын, тор қоршамада балық өсіру шаруашылығын жүргізуге арналған су айдындары және (немесе) учаскелер бойынша жергілікті маңызы бар балық шаруашылығы су айдындарының және (немесе) учаскелерінің тізбесін жасақтап, бекітуге ұсынады;

99-3) жануарлар дүниесін пайдаланушыларға Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен балық шаруашылығы су айдындарын және (немесе) учаскелерін бекітіп беру және балық шаруашылықтарының қажеттіліктері үшін сервитуттарды белгілеу жөнінде шешімдер қабылдау бойынша жұмыстар жүргізу;

99-4) кәсіпшілік балық аулауды жүргізу үшін бекітіп берілген балық шаруашылығы су айдындарын және (немесе) учаскелерін балық өсіруді (акваөсіруді) жүргізуге арналған балық шаруашылығы су айдындарына және (немесе) учаскелеріне ауыстыру жөнінде шешімдер қабылдау бойынша жұмыстар жүргізу;

99-5) жануарларға (балықтарға) ауырып қалған, бекітіліп берілмеген балық шаруашылығы су айдындарында және (немесе) учаскелерінде олардың қырылу қаупі төнген жағдайда оларға көмек көрсету жөніндегі іс-шараларды ұйымдастырады;

99-6) жануарларды (балықтарды), оның ішінде балықтардың сирек кездесетін және жойылып кету қаупі төнген түрлерін интродукциялау, реинтродукциялау және будандастыру жөніндегі, сондай-ақ қолдан өсіру жөніндегі қызметті ұйымдастырады;

99-7) балық шаруашылығы су айдындарының және (немесе) учаскелерінің резервтік қорын қорғауды ұйымдастырады және қамтамасыз етеді;

99-8) ғылыми ұсынымдар негізінде балық шаруашылығы су айдындарын және (немесе) учаскелерін паспорттауды жүргізеді;

99-9) рекреациялық балық аулау аймағын белгілеу бойынша жұмыстар жүргізу;

99-10) балық шаруашылығы учаскелерінің шекараларын белгілейді, ұйықтарды (ұйықтық учаскелерді) ашады және жабады;

99-11) екі және одан да көп облыс аумағында орналасқан балық шаруашылығы су айдындарында ғылыми-зерттеу үшін аулау, сондай-ақ сирек кездесетін және құрып бара жатқан жануарлар түрін қоспағанда, жануарлар әлемін пайдалануға рұқсат береді;

99-12) облыс аумағында жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы ғылыми зерттеулер мен жобалау-ізвестіру жұмыстарын жүргізуді ұйымдастырады және (немесе) қамтамасыз етеді;

99-13) резервтік қордың балық шаруашылығы су айдындарында және (немесе) учаскелерінде балықтардың қырылу қаупі туындаған жағдайларда уәкілетті орган

ведомствосы аумақтық бөлімшесінің шешімі негізінде мелиорациялық балық аулауды ұйымдастырады;

99-14) инвестициялық салымдар кезінде балық шаруашылығы субъектісі шеккен шығыстардың бір бөлігін өтейді;

99-15) акваөсіру (балық өсіру) өнімінің өнімділігі мен сапасын арттыруға, сондай-ақ асыл тұқымды балық өсіруді дамытуға субсидиялар береді;

100) жергілікті мемлекеттік басқару мүддесінде Қазақстан Республикасының заңнамасымен жергілікті атқарушы органдарға жүктелетін өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру.

Ескерту. 14-тармаққа өзгерістер енгізілді – Атырау облысы әкімдігінің 14.07.2025 № 148 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі)

3. Басқарма басшысының мәртебесі, өкілеттіктері

15. Басқарманы басқаруды басшы жүзеге асырады, ол Басқармаға жүктелген міндеттердің орындалуына және оның өз өкілеттіктерін жүзеге асыруына дербес жауапты болады.

16. Басқарманың басшысы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес лауазымға тағайындалады және лауазымнан босатылады.

17. Басқарма басшысының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес лауазымға тағайындалатын және лауазымынан босатылатын орынбасарлары болады.

18. Басқарма басшысының өкілеттіктері:

1) өзінің орынбасарлары, Басқарманың бөлім басшылары мен басқа да қызметкерлерінің міндеттері мен өкілеттіктерін айқындайды;

2) Басқармада сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жасауға бағытталған шаралар қабылдайды және сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралардың қабылдануына дербес жауапты болады;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Басқарманың қызметкерлерін қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.

4) заңнамада белгіленген тәртіппен Басқарманың қызметкерлеріне тәртіптік жаза қолданады;

5) Басқарманың актілеріне қол қояды;

6) Басқарманың құрылымдық бөлімшелері туралы Ережелерді бекітеді;

7) мемлекеттік органдарда және өзге де ұйымдарда Басқарманың мүддесін білдіреді

;

8) Басқарманың жұмысының регламентін және штаттық кестесін бекітеді;

9) Басқармада гендерлік теңдікті нығайту бойынша тиісті шараларды жүзеге асырады;

10) өз құзыреті шегінде Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Басқарма басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға жүзеге асырады.

19. Басшы өз орынбасарларының өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес айқындайды.

4. Басқарманың мүлкі

20. Басқарманың заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болуы мүмкін.

Басқарманың мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

21. Басқармаға бекітілген мүлік коммуналдық меншікке жатады.

22. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, Басқарма өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне берілген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

5. Басқарманы қайта ұйымдастыру және тарату

23. Басқарманы қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Басқарманың қарамағындағы ұйымдардың тізбесі

1. Атырау облысы Ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасының "Атырау қалалық ветеринариялық стансасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны;

2. Атырау облысы Ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасының "Жылыой аудандық ветеринариялық стансасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны;

3. Атырау облысы Ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасының "Индер аудандық ветеринариялық стансасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны;

4. Атырау облысы Ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасының "Исатай аудандық ветеринариялық стансасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны;

5. Атырау облысы Ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасының " Құрманғазы аудандық ветеринариялық стансасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны;

6. Атырау облысы Ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасының " Қызылқоға аудандық ветеринариялық стансасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны;

7. Атырау облысы Ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасының " Мақат аудандық ветеринариялық стансасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны;

8. Атырау облысы Ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасының " Махамбет аудандық ветеринариялық стансасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны.

Атырау облысы
әкімдігінің 2023 жылғы
"31" қазандағы № 212
қаулысына 2-қосымша

Атырау облысы әкімдігінің күші жойылды деп танылған кейбір қаулыларының тізбесі

1. Атырау облысы әкімдігінің 2009 жылғы 4 маусымдағы № 141 "Облыс әкімиятының 2008 жылғы 14 сәуірдегі № 103 "Атырау облысы Жер қатынастары басқармасының мәселелері" қаулысына толықтыру енгізу туралы" қаулысы.

2. Атырау облысы әкімдігінің 2009 жылғы 9 желтоқсандағы № 313 "Облыс әкімиятының 2008 жылғы 14 сәуірдегі № 103 "Атырау облысы Жер қатынастары басқармасының мәселелері" қаулысына толықтыру енгізу туралы" қаулысы.

3. Атырау облысы әкімдігінің 2011 жылғы 17 қаңтардағы № 10 "Облыс әкімиятының 2008 жылғы 14 сәуірдегі № 103 "Атырау облысы Жер қатынастары басқармасының мәселелері" қаулысына толықтырулар енгізу туралы" қаулысы.

4. Атырау облысы әкімдігінің 2012 жылғы 28 желтоқсандағы № 429 "Облыс әкімиятының 2008 жылғы 14 сәуірдегі № 103 "Атырау облысы Жер қатынастары басқармасының мәселелері" қаулысына өзгерістер енгізу туралы" қаулысы.

5. Атырау облысы әкімдігінің 2013 жылғы 3 мамырдағы № 166 "Облыс әкімиятының 2008 жылғы 14 сәуірдегі № 103 "Атырау облысы Жер қатынастары басқармасының мәселелері" қаулысына өзгерістер енгізу туралы" қаулысы.

6. Атырау облысы әкімдігінің 2016 жылғы 11 тамыздағы № 184 "Облыс әкімиятының 2008 жылғы 14 сәуірдегі № 103 "Атырау облысы Жер қатынастары басқармасының мәселелері" қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" қаулысы.

7. Атырау облысы әкімдігінің 2016 жылғы 8 қарашадағы № 257 "Облыс әкімиятының 2008 жылғы 14 сәуірдегі № 103 "Атырау облысы Жер қатынастары басқармасының мәселелері" қаулысына өзгеріс пен толықтыру енгізу туралы" қаулысы.

8. Атырау облысы әкімдігінің 2022 жылғы 26 мамырдағы № 121 "Атырау облысы әкімдігінің 2008 жылғы 14 сәуірдегі № 103 "Атырау облысы Жер қатынастары басқармасының мәселелері" қаулысына өзгеріс енгізу туралы" қаулысы.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ